

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени орталықтарды құру, олардың жұмыс істеуі және қызметі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 қыркүйектегі № 560 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени орталықтарды құру, олардың жұмыс істеуі және қызметі туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедияұлына Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени орталықтарды құру, олардың жұмыс істеуі және қызметі туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 12 қыркүйектегі
№ 560 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени орталықтарды құру, олардың жұмыс істеуі және қызметі туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі

халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

мемлекеттер арасында достық қатынастарды және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Тараптар Астана, Анкара, Алматы және Ыстамбұл қалаларында мәдени орталықтардың (бұдан әрі - "мәдени орталықтар") ашылуына және жұмыс істеуіне жәрдемдеседі.

Ресми сұрау салу түскен жағдайда Тараптар мәдени орталықтардың қызметі мен жұмыс істеуі туралы ақпарат алмасады.

Мәдени орталықтарды құру және олардың жұмыс істеуі мәселелері осы Келісімнің ережелерімен реттеледі. Осы Келісімде көзделмеген мәселелерге қатысты Қабылдаушы тарап мемлекетінің заңнамасы қолданылады.

Мәдени орталықтардың жарғыларын әзірлеу, мүшелерін және органдарының құрамын сайлау, сондай-ақ жиналыстарды өткізу, шешімдерді қабылдау рәсімдерін және хат-хабарды жолдау тәртібін қоспағанда, Жіберуші тараптың талабы бойынша мәдени орталықтарды ашу және жабу Қабылдаушы тарап мемлекетінің тиісті органдарынан рұқсат алуды немесе олардың мақұлдауын талап етпейді.

2-бап

Әрбір Тарап дипломатиялық хат алмасу арқылы қол жеткізілуі тиіс өзара келісімге негізделі отырып, өз мемлекетінің аумағында осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қалалардан басқа қалаларда мәдени орталықтардың филиалдарын құруға рұқсат береді.

3-бап

Мәдени орталықтар Қабылдаушы тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес заңды тұлға мәртебесіне ие, Қабылдаушы тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес өз мақсаттарын орындау үшін Қабылдаушы тарап мемлекетінде немесе үшінші мемлекетте орналасқан/тіркелген барлық жеке және заңды тұлғалармен, мемлекеттік немесе жекеменшік кәсіпорындармен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу мүмкіндігіне ие болуға тиіс.

4-бап

Осы Келісімнің негізгі мақсаттары:

1) Тараптар мемлекеттерінің халқы арасында өзара түсіністікке және достыққа жәрдемдесу;

2) мәдениет, қазақ және түрік тілдерін оқыту, сондай-ақ осы салаларда әртүрлі іс-шараларды өткізу саласында Тараптар арасындағы қатынастарды және ынтымақтастықты дамытуға үлес қосу;

3) мәдениет саласындағы құжаттарды, сондай-ақ екі Тарап арасында мәдени ынтымақтастық саласындағы жобаларды іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

5-бап

Өз қызметін жүзеге асыру үшін мәдени орталықтар Қабылдаушы мемлекеттің мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен тікелей байланыс орната алады, сондай-ақ Қабылдаушы тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес Қабылдаушы тарап мемлекетінің жеке және заңды тұлғаларымен бірлескен қызметті жүзеге асыра алады.

6-бап

Мәдени орталықтар өз мақсаттарын іске асыру үшін Қабылдаушы тарап мемлекетінің заңнамасын сақтаған жағдайда өз қызметін өз ғимаратынан тыс жерлерде жүзеге асыра алады.

Тараптар өзаралық қағидаттары негізінде мәдени орталықтарға жұмыс істеу жағдайларын және осы Келісімде көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге жәрдемдеседі. Мұндай көмек Қабылдаушы тарап мемлекетінің заңнамасын сақтай отырып ұсынылады.

7-бап

Мәдени орталықтардың осы Келісімнің аясындағы қызметі Тараптар мемлекеттерінің заңнамасымен тыйым салынған мақсаттарды көздемейді немесе қандай да бір қызметтерді жүзеге асырмайды.

Мәдени орталықтар діни, миссионерлік немесе болу мемлекетінің заңнамасына қайшы келетін езге де қызметті атқара алмайды.

8-бап

Мәдени орталықтардың қызметі коммерциялық емес негізде жүзеге асырылады. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мәдени орталықтар өздерінің қызметін Қабылдаушы тараппен келісу бойынша оның мемлекетінің заңнамасына сәйкес келесі нысандарда жүзеге асырады:

- конференцияларды, концерттерді, театр қойылымдарын, сондай-ақ атаулы даталарды мерекелеуге арналған басқа да рәсімдерді, фестивальдерді, конкурстарды және кермелерді ұйымдастыруға жәрдемдесу;
- Тараптар ұйымдастыратын іс-шараларға, бағдарламалар мен жобаларға қатысу;
- әртістерді, жазушыларды, ғалымдарды, зерттеушілерді, журналистерді және қоғам қайраткерлерін қоса алғанда, Тараптар мемлекеттері ресми өкілдерінің сапарларын, сондай-ақ мәдени орталықтарда оқитын студенттермен алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру;

- мәдени орталықтар өткізетін іс-шараларға қатысу үшін келетін шетелдік әртістерді, ғалымдарды, оқытушыларды, журналистерді және қоғам қайраткерлерін қабылдауды ұйымдастыру;

- қоғамдық пайдалану үшін кітапханаларды, бейне және аудиоақпарат орталықтарын, залдарды және ақпараттық стенділерді ашу;

- фильмдерді және басқа да аудио-/бейнематериалдарды көрсету;

- өзара қызығушылық танытқан ғылыми, публицистикалық және көркем әдебиетті аудару және басып шығару;

- тілдік курстарды/семинарларды/конкурстарды еткізу және емтихандар ұйымдастыру арқылы, оқу бағдарламасы, әкімшілендіру және сертификациялау тұрғысынан Қабылдаушы тарап мемлекетінің тиісті органдарының алдын ала рұқсатын алмай Жіберуші тарап мемлекетінің тілін меңгеру деңгейін көрсететін сертификаттарды беру;

- Жіберуші тарап мемлекеті өмірінің әртүрлі аспектілері, оның ішінде тілі, әдебиеті, мәдениеті, тарихы, аспаздығы және қолөнері бойынша курстарды/семинарларды/конкурстарды ұйымдастыру, сондай-ақ тиісті органдардың алдын ала рұқсатын алмай-ақ сондай курстар/семинарлар/конкурстар аяқталғаннан кейін сертификаттар мен сыйлықтарды беру;

- мәдениет, тарих, тіл және әдебиет сияқты Жіберуші тарап мемлекеті өмірінің әртүрлі аспектілері бойынша оқыту және зерттеулер өткізу мақсатында қаржылық көмекті қамтамасыз ету, оқытушы персоналды, кітаптарды, оқу материалдарын Қабылдаушы тарап мемлекетінің оқу орындарына, зерттеу ұйымдарына және олардың бөлімшелеріне жолдау арқылы қолдау көрсету;

- Қабылдаушы тараппен келісу бойынша мәдени орталықтардың мақсаттарымен үйлесетін қызметтің басқа түрлерін және іс-шараларды дипломатиялық арналар арқылы ұйымдастыру.

9-бап

Мәдени орталықтар Қабылдаушы тарап мемлекетінің құзыретті органымен келісу бойынша жыл сайын іс-шаралар жоспарларын қабылдайды. Құзыретті органдар мәдени орталықтардың бекітілген жоспарына сәйкес іс-шараларды іске асыру бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

10-бап

Мәдени орталықтар Қабылдаушы тарап мемлекетінің заңнамасын сақтаған жағдайда өзінің шығыстарын жабу мақсатында:

1) олардың іс-шараларына қатысатындардан немесе олардың қызметін пайдаланатындардан төлемақы алуға, оның ішінде мәдени іс-шараларға билеттерді сатуға, курстарға және емтихандарға қатысу үшін тіркелу жарналарын жинауға;

2) сатуды мәдени орталықтың өзі жүзеге асырған жағдайда кез келген баспа және аудиовизуалды материалдарды, сондай-ақ мәдени және фольклорлық элементтерді, оның ішінде кітаптарды және оқу материалдарын сатуға құқылы.

11-бап

Мәдени орталықтар мен олардың қызметкерлерінің дипломатиялық мәртебесі жоқ және дипломатиялық иммунитет пен артықшылықтарды пайдаланбайды.

Мәдени орталықтар мен олардың қызметкерлері болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес құқыққа қарсы әрекет жасаған жағдайда болу мемлекетінің заңнамасында көзделген тәртіппен жауап береді.

12-бап

Әрбір тарап өзінің мәдени орталығында жұмысқа орналастырылатын персонал мүшелерін тағайындайды. Персонал Жіберуші тарап немесе Қабылдаушы тарап мемлекетінің азаматтары қатарынан құрылуы мүмкін.

Қабылдаушы тарап өз мемлекеті заңнамасының шеңберінде Жіберуші тарап мемлекетінің азаматтары қатарынан тағайындалатын персонал мүшелері мен олардың асырауындағы отбасы мүшелеріне көпмәртелік визаны және сол елде болуға рұқсат береді.

Қабылдаушы мемлекет аумағындағы шетел азаматтарының еңбек қызметі Қабылдаушы тарап мемлекетінің заңнамасымен реттеледі.

13-бап

Тараптар арасында еңбек және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша халықаралық шарттар болмаған жағдайда Жіберуші тарап мемлекетінің азаматы болып табылатын персонал мүшелерінің және оның асырауындағы отбасы мүшелерінің мәртебесі, егер осындай персонал мүшелері мен асырауындағы отбасы мүшелері Қабылдаушы тарап мемлекетінің азаматтығына ие болмаған жағдайда Жіберуші тарап мемлекетінің еңбек және әлеуметтік қорғау саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Тараптар арасында еңбек және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша халықаралық шарттар бар болса, осы бап қолданылатын персонал мүшелеріне және олардың асырауындағы отбасы мүшелеріне қатысты сондай халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

14-бап

Персонал мүшесінің асырауындағы отбасы мүшелеріне оның зайыбы/жұбайы, 25 жасқа толмаған некеге тұрмаған балалары және некеге тұрмаған мүмкіндігі шектеулі адамдар жатады.

15-бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды өз мемлекеттерінің заңнамасында көзделген қаражат шегінде және Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына қайшы келмейтін жолдармен алынған бюджеттен тыс қаражат есебінен дербес көтереді.

16-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушылар болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

17-бап

Осы Келісімнің ережелерін талқылау және іске асыру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешеді.

18-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

19-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады, ол өткен соң егер Тараптардың бірде-бірі ағымдағы бесжылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа өзінің оның қолданысын ұзартпау ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, автоматты түрде келесі бес жылдық кезеңдерге ұзартылады.

20__ жылғы " __ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің мәтіндері арасында алшақтықтар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Түркия Республикасының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК